

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Ақтөбе облысы Алға ауданы Сарықобда ауылдық округінің әкімінің 2015 жылғы 12 қарашадағы № 12 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 қарашада № 4596 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға ауданы Сарықобда ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға ауданы Сарықобда ауылдық округі әкімінің 19.01.2016 № 2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алға аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылдың 10 қарашасындағы № 6-10/134 ұсынысы негізінде, Сарықобда ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ірі қара малдары арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, Сарықобда ауылдық округіне қарасты Сарықобда ауылы аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау "Сарықобда ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы Л. Рзиеваға жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сарықобда ауылдық
округінің әкімі*

Ж. Умбеткулов